

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ
GRADUATE SCHOOL of BUSINESS
«ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» КАФЕДРАСЫ



6D050600 - «ЭКОНОМИКА» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРҒА ТҮСУШІЛЕР ҮШІН
КЕШЕНДІ ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2017

6D050600 - «ЭКОНОМИКА» мамандығы бойынша докторантураға қабылдану емтихандарының оқу бағдарламасы 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №109 ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік, оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылданудың Типтік ережелеріне сәйкес жасалған.

Қабылдау комиссиясының отырысында мақұлданған, хаттама № 11 «02»
05 2017 ж.

Қабылдау емтихандарының Оқу бағдарламасы «Әлеуметтік-экономикалық ғылымдар» кафедрасының отырысында талқыланды, хаттама № 9
«04» 04 2017 ж.

Оқу-әдістеме ісі жөніндегі проректор,
т.ғ.к., доцент




А.М. Махметова

«GRADUATE SCHOOL of BUSINESS»
директоры



А.М. Бектұрғанова

«Әлеуметтік-экономикалық ғылымдар»
кафедрасының меңгерушісі,
филос.ғ.к., доцент



А.А. Ивашов

1. ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

Емтиханда магистратураға түсуге арналған оқу бағдарламасы бойынша әзірленген сұрақтар бойынша материалдарды білу деңгейі, қажетті ақпараттарды қолдана білуі, негізгі ұғымдар мен категорияларды білуі, қойылған міндеттерді өз бетімен шеше алуы мен қойылған сұраққа байланысты өз көзқарасын негіздей алуы. Бағалар келесі критерийлер бойынша қойылады:

«Өте жақсы» - түсу емтиханының сұрағы бойынша тапсырушы асқан біліктілігін көрсетеді, ерекше кәсіби біліктілігін көрсете отырып материалды дұрыс және логикалық түрде нақтылап, жан-жақты жеткізе білу қабілеті үшін қойылады.

«Жақсы» - емтихан тапсырушы зерттеліп отырған сұраққа байланысты кейбір формалды түрдегі кемшіліктермен біліктілігін көрсетеді. Сонымен бірге шынтықты танып біле алатын креативті қабілеті үшін қойылады.

«Қанағаттанарлық» - түсу емтиханының ақпараттық материалды қанағаттанарлық түрде меңгерген, емтихан сұрақтарының кейбір бөліктерінің логикалық байланысын толық байқамайды, өз бетімен сыни ойлай алмайды және мәселені конструктивті шешуге қабілетсіз.

«Қанағаттанарлықсыз» - емтихан тапсырушы түсу емтиханы ақпараттық-талдамалық материалын меңгермеген. Логикалық ойлау қабілеті дамымаған, емтихан билеттеріне қосылған пәндер бойынша сұрақтар ашылмаған жағдайда.

100-баллдық көрсеткіш бойынша бағаларды қою жүйесі

Әріптік баға	Баллдардың цифрлық эквиваленті	100-баллдық көрсеткіш бойынша баллдар	4-баллдық көрсеткіш бойынша баллдар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A ⁻	3,67	90-94	
B ⁺	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B ⁻	2,67	75-79	
C ⁺	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C ⁻	1,67	60-64	
D ⁺	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

2. 6D050600 - «ЭКОНОМИКА» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРҒА ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН БАҒАСЫН АПЕЛЛЯЦИЯҒА БЕРУ ТӘРТІБІ

Қабылдау комиссиясының шешімімен келіспеген магистратураға тапсырушы мамандық бойынша емтихан бағасына және магистратураға бюджеттік орынға байланысты шешімдерге жазбаша апелляциялық өтініш беруге құқылы.

Апелляциялық комиссияға тәуелсіз эксперт ретінде білім департаментінің өкілдері, басқа да білім және ғылым ұйымдарынан докторлар кандидаттар қатысады.

Апелляцияны қарастырғаннан соң апелляциялық комиссияның емтихан жұмысының бағасы туралы шешімі шығады. (бағасы жоғарлауы немесе төмендеуі мүмкін)

Қойылған бағаға байланысты апелляциялық комиссияның пікірі бір жерден шықпаса, онда дауысқа салынады және баға көп дауыс бойынша қойылады.

3. 6D050600 - «ЭКОНОМИКА» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРҒА ТҮСУГЕ АРНАЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЕМТИХАНҒА ҚОСЫЛҒАН СҰРАҚТАРДЫ ҚАМТИТҮН КЕЛЕСІ ПӘНДЕРДЕН ТҰРАДЫ:

1. Әлеуметтік-экономикалық процестерді жоспарлау мен болжамдау
2. Монополияға қарсы реттеу
3. Жаһандану жағдайындағы қазақстан экономикасы

1 блок «Әлеуметтік-экономикалық процестерді жоспарлау мен болжамдау» бойынша сұрақтар саны барлық сұрақтардың 40% -ын құрайды.

2 блок «Монополияға қарсы реттеу» бойынша сұрақтар саны барлық сұрақтардың 30% -ын құрайды.

3 блок «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан экономикасы» бойынша сұрақтар саны барлық сұрақтардың 30%-ын құрайды.

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Кешенді қабылдау емтиханының бағдарламасы үш пәнді қамтиды: «Микроэкономика», «Макроэкономика», «Нарықтықтық экономикадағы бәсекелестік». Бағдарлама 6M050600- «ЭКОНОМИКА» мамандығы бойынша магистрлік бағдарлама үміткерлердің жоғары кәсіби білімнің оқу жоспарына сай басты пәндердің негізін, сондай-ақ маңгерген біліктілікті теориялық және тәжірибиелік шешім қабылдауды қамтиды.

Бағдарламаға жоғары кәсіби білімнің оқу жоспарының негізгі пәндердің бағдарламасына және ұсынылатын әдебиеттер тізімі, ғылыми әдебиеттер және нормативті құқықтық актілерге сәйкес жасалған.

1 БӨЛІМ. «ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЖОСПАРЛАУ МЕН БОЛЖАМДАУ» ПӘНІ

Мазмұны

- 1 Тақырып. Болжамдау теориясы.
- 2 Тақырып. Болжамдау, моделдеу, экономикалық талдаудың әдістері.
- 3 Тақырып. Жоспарлау және болжамдауды ұйымдастыру.
- 4 Тақырып. Елдің әлеуметтік дамуын болжамдау.
- 5 Тақырып. Әлеуметтік-демографиялық процестерді болжамдау.
- 6 Тақырып. Қаржылар мен инвестицияларды болжамдау және жоспарлау.
- 7 Тақырып. ҒТП мен инновациялық іс-әрекетті болжамдау және жоспарлау.
- 8 Тақырып. Экономиканың салалық құрылымдарын жаңарту мен болжамдау әдістері.
- 9 Тақырып. Аймақтық болжамдау және жоспарлау.

1 Тақырып. Болжамдау теориясы

Көре білу мен болжамдау түсінігі әр түрлі. Ғылыми көре білу табиғаттың дамуы, қоғамның, ойлаудың заңдылықтарын білуге негізделген. Көре білу теориясы бірнеше ғылыми облыстарды біріктіреді: прогностика теориясын, диагностика теориясын, эвристика теориясын, көріп-келдік теориясын. Болжамдаудың принциптері, болжамдаудың параметрлері, болжамдаудың этаптары.

2 Тақырып. Болжамдау, моделдеу, экономикалық талдаудың әдістері

Болжамдаудың әдістерін жіктеу. Жеке әдістері – аналитикалық әдіс. Ұжымдық әдіс – идеяларды ұжымдық генерациялау әдісі, «635» әдісі, «Дельфи» әдісі, морфологиялық талдау әдісі, функцияларды таңдау әдісі, экспоненциалдық деңгейлестіру әдісі, жылжымалы орта әдісі, матрициялық моделі, тиімді жоспарлау моделі, экономикалық-статистикалық моделі, шешім қабылдау моделі, имитациялық моделі, желілік моделі, баланстық әдіс, нормативтік әдіс, бағдарламалық-мақсаттық әдіс.

3 Тақырып. Жоспарлау және болжамдауды ұйымдастыру

Болжамдау мен жоспарлауды ұйымдастырудың ғылыми негізі. Макроэкономикалық жоспарлау мен болжамдаудың түрлері, мазмұны және мәні. Жоспарлау алдындағы зерттеудің әдістері. Жоспарлауды ұйымдастырудың принциптері. Болжамдау мен жоспарлаудың макродеңгейдегі, мезодеңгейдегі және микродеңгейдегі ерекшеліктері. Жоспарлау және болжамдау органдарының құрылымы, олардың міндеттері мен функциялары.

4 Тақырып. Елдің әлеуметтік дамуын болжамдау

Әлеуметтік-экономикалық жүйенің даму функциялары, мақсаты, мәні. Әлеуметтік-экономикалық жүйені болжамдаудың нормативтік әдістерін іздеу (ӨЭЖ). Арнайы экономикалық зоналарды мемлекеттік жоспарлау(АЭЗ). Сценарлық тәсіл негізінде ұлттық экономиканы болжамдаудың кешендік әдісі. Ұлттық экономиканы қалыптастырудың негізгі факторлары. Экономикалық

қайта құрудағы ұлттық экономиканың дамуының объективті үрдістерінің қажеттілігін есепке алу.

5 Тақырып. Әлеуметтік-демографиялық процестерді болжамдау

Демографиялық процестерді реттеу және стратегиялық жоспарлау. БҰҰ-ның демографиялық болжамдары. 21 ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның демографиялық жағдайын болжау. Қазақстан тұрғындарының жастық құрылымы, туылу коэффициенті. Жұмыспен қамтуды реттеу және стратегиялық жоспарлау. Еңбек нарығының жағдайын болжамдау. А. Семенов бойынша жұмыс күшіне деген сұраныс алгоритмі. Өмір сүру деңгейін стратегиялық жоспарлаудың міндеттері. Тұрғындардың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері. Өмір сүру деңгейін болжамдау.

6 Тақырып. Қаржылар мен инвестицияларды болжамдау және жоспарлау

Қаржылардың мәні мен сипаттамасы. Қаржыларды болжамдау мен жоспарлаудың әдістері. Мемлекеттік бюджетті болжамдау және жоспарлау. Кредиттік-ақшалық қатынасты болжамдау және жоспарлау. Инвестицияның құрылымы, құрамы және мазмұны. Инвестицияны жоспарлау мен болжамдаудың әдістері. Инвестициялық жағдайды қалыптастыру және оның экономикадағы ролі. Инвестициялық іс-әрекетті қаржыландырудың көздері. Шет елдік инвестициялардың ерекшеліктері. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсілдері.

7 Тақырып. ҒТП мен инновациялық іс-әрекетті болжамдау және жоспарлау

«Инновация» түсінігінің мәні. Ғылыми-техникалық прогресс және инновациялық саясатты қалыптастыру. ҒТП болжамдау және жоспарлау. ҒТП экономикалық және әкімшілік реттеудің жүйесі. Қазақстанның инновациялық саясатын жүзеге асырудың негізгі міндеттері мен құралдары. ҒТП негізгі бағыттары. ҒТП дамытуға бағытталған іс-шаралардың тиімділігін бағалау. Ғылыми-техникалық өнім нарығының ерекшеліктері.

8 Тақырып. Экономиканың салалық құрылымдарын жаңарту мен болжамдау әдістері

Экономиканың саласы мен салалық құрылым. Қазақстанның ұлттық экономикасының салалық құрылымының ерекшеліктері. Өнеркәсіптік саясат және өнеркәсіптік өндірісті жоспарлаудың ерекшеліктері. Салалық құрылымды жоспарлау кезіндегі факторларды есепке алу қажеттілігі. Жоспарлау кезіндегі сала аралық балансты қолдану.

9 Тақырып. Аймақтық болжамдау және жоспарлау

Аумақтық еңбек бөлінісінің мәні. Аумақтық жоспарлаудың пропорциясы. Қазақстан аймақтарын сипаттау және оларды жіктеу. Аймақтардың шаруашылығын дамыту кешенін жоспарлау. Аймақтар экономикасын кешенді дамытудың көрсеткіштері. Аймақтық саясат және оның түрлері. Аймақтың экономикасын дамытуды болжамдау мен жоспарлау.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Прогнозирование и планирование в условиях рынка: Учебное пособие Т.Н. Бабич, И.А. Козьева, Ю.В. Вертакова, Э.Н. Кузьбожев. - М.: ИНФРА-М, 2014.
2. Прогнозирование и планирование экономики: Учебное пособие Т.Н. Бабич, И.А. Козьева, Ю.В. Вертакова, Э.Н. Кузьбожев. - М.: ИНФРА-М, 2014
3. Ильин А.И., Сеница Л.М. Учеб. пособие. В 2 ч. Ч. 2. Тактическое планирование / Под общ. ред. А.И. Ильина. – Минск: Новое знание, 2010.
4. Кузык Б.Н. Прогнозирование и стратегическое планирование социально-экономического развития: Учебник. – М.: Экономика, 2011.
5. Система государственного планирования в Республике Казахстан.- Казахстанская правда, 2009, 23 июня.

Қосымша әдебиеттер

1. Степочкина Е. А. Планирование и прогнозирование в условиях рынка: учебное пособие. - Директ-Медиа, 2014 г. – 236 с.
2. Прогнозирование и планирование экономики. Учебное пособие под ред. Борисевича и др. – Мн.ИП «Экоперспектива», 2010.
3. Вавилова Е.В. Экономическая география и регионалистика: Учеб. пособие. – М.: Гардарика, 2011.
4. Национальная экономика: Учебник / Под ред. П.В. Савченко. – М.: Экономист, 2012.
5. Арженовский СВ. Методы социально – экономического прогнозирования: Учеб. пособ. - М.: Дашков и К, 2009.

Нормативті құқықтық актілер

1. Бюджетный кодекс Республики Казахстан.
2. Кодекс Республики Казахстан от 10.12.2008 г. № 99-IV ЗРК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)

Ресми құжаттар

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 14 декабря 2012 года.
2. Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015 - 2019 годы утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2015 года № 1030. <http://www.akorda.kz/>
3. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года утвержден Указом Президента Республики Казахстан № 922 от 1 февраля 2010 года. <http://www.akorda.kz/>
4. Государственная программа индустриально-инновационного развития утверждена Указом Президента Республики Казахстана № 874 от 1 августа 2014 года. <http://www.akorda.kz/>

2 БӨЛІМ. «ФИРМАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ» ПӘНІ

Мазмұны

- 1 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздіктің мәні және қағидалары
 - 2 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздіктің жүзеге асуы мен дамуының негіздері
 - 3 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздік индикаторлары мен көрсеткіштері
 - 4 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдері
 - 5 Тақырып. Экономикалық мүдделерді қорғау және коммерциялық құпияны сақтау
 - 6 Тақырып. Фирма қауіпсіздігінің инновациялық-инвестициялық механизмдері
 - 7 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық-ақпараттық аспектілері
 - 8 Тақырып. Фирманы дағдарысқа қарсы басқару жүйесіндегі экономикалық қауіпсіздік
 - 9 Тақырып. Фирманың экономикалық қауіпсіздігін бағалау.
- 1 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздіктің мәні және қағидалары**
Қауіпсіздік пен экономикалық қауіпсіздік категориялары туралы ұғым мен мәні. Экономикалық қауіпсіздіктің мақсаты мен міндеттері. Экономикалық қауіпсіздіктің түрлері мен қағидалары.
- 2 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздіктің жүзеге асуы мен дамуының негіздері**
Экономикалық қауіпсіздік жүйесінің субъектілері мен объектілері және жіктелуі. Ішкі және сыртқы қауіп-қатерлер. Экономикалық қауіпсіздікке әсер ететін қатерлердің жіктелуі. Көлеңкелі экономика және оның жіктелуі. Бизнестің тұрақты дамуы. Өндіріс қарқынының төмендеу себептері.
- 3 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздік индикаторлары мен көрсеткіштері**
Экономикалық қауіпсіздіктің шекті деңгейін анықтайтын көрсеткіштер, индикаторлар және олардың жіктелуі. Макро, мезо және микродеңгейлерде экономикалық қауіпсіздіктің деңгейін анықтаудың теориялық және тәжірибелік аспектілері. Экономикалық қауіпсіздіктің шекті мәні мен деңгейі.
- 4 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдері**
Экономикалық қауіпсіздікке әсер ететін жағдайлар мен факторлар және олардың жіктелуі. Экономикалық қауіпсіздікті реттеудің ұйымдастырушылық-экономикалық және нормативтік-құқықтық негіздері. Фирманың экономикалық қауіпсіздігін мемлекеттік қолдаудың және реттеудің отандық және шетелдік тәжірибесі.
- 5 Тақырып. Экономикалық мүдделерді қорғау және коммерциялық құпияны сақтау**
Мүдделер және экономикалық қауіпсіздік. Мүдде түрлері, жүйесі және жіктелуі. Фирманың экономикалық мүдделері. Мүдделерді есепке алу және

сараптау көрсеткіштері. Коммерциялық құпия. Фирманың коммерциялық құпиясын сақтау және қорғау механизмдері.

6 Тақырып. Фирма қауіпсіздігінің инновациялық-инвестициялық механизмдері

Инновациялық-инвестициялық даму және экономикалық қауіпсіздік. Инновациялық, инвестициялық қауіпсіздік индикаторлары және оларды анықтау әдістемесі. Фирманың инновациялық-инвестициялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмі.

7 Тақырып. Экономикалық қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық-ақпараттық аспектілері

Фирма қауіпсіздік жүйесінің ұйымдастырушылық-техникалық құрылымы. Ақпараттық қауіпсіздік. Ақпараттың таралуының ішкі және сыртқы каналдары. Фирманың ақпараттық қауіпсіздігінің конспециясын әзірлеу әдістемесі. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмі.

8 Тақырып. Фирманы дағдарысқа қарсы басқару жүйесіндегі экономикалық қауіпсіздік

Дағдарыс жағдайының туындауының ерекшеліктері мен факторлары және оларды бағалау. Фирманы дағдарысқа қарсы басқару стратегиясының құрамы мен құрылымы. Фирманың дағдарысқа қарсы инновациялық стратегиясын құру. Стресс – сценарий жасау.

9 Тақырып. Фирманың экономикалық қауіпсіздігін бағалау

Қауіпсіздік және тұрақтылық. Фирманың экономикалық қауіпсіздік деңгейін талдаудың және бағалаудың теориялық және әдістемелік негіздері. Экономикалық қауіпсіздіктің сапалық және сандық көрсеткіштері. Ресурстық және әлеуметтік қауіпсіздікті бағалау көрсеткіштері. Экономикалық қауіпсіздіктің стратегиясы және оны әзірлеу әдістемесі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Богомолов В.А. Экономическая безопасность: учебное пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2012. -295 с.
2. Shutyak, Yuliya and Danylenko, Olena and Van Callie, Didier, Conceptualization of Economic Security of the Enterprise: A Literature Review (April 10, 2014)
3. Мухтарова К.С. Государственное управление экономической безопасностью в Республике Казахстан: Учебник. – Алматы: 2014. – 200 с.

Қосымша әдебиеттер

1. Фирсова О.А. Экономическая безопасность предприятия. Учебно-методическое пособие. Орел. МАБИБ, 2014. – 220 с.
2. Financial mechanism of economic security company. Grishova I., Galitsky A., Shabatura T., Stoyanova-Koval S., Zamlynsky V., Shcherbata M., Butenko T.

The collection includes material reports 3rd International Scientific and Practical Conference "Science and Society". London 20-21 March 2013, Vol 2, p.167-181

3. Турекулова Д.М. Экономическая безопасность государства: учебное пособие. – Астана: КазУЭФМТ. 2012. - 282 с.

4. Каранина Е.В., Загарских В.В. Экономическая безопасность государства, региона и предприятия: формирование и обеспечение с учетом факторов рисков. Монография. – Киров: ФГБОУ ВО «ВятГУ», 2015. – 385 с.

Нормативті құқықтық актілер

1. Бюджетный кодекс Республики Казахстан.
2. Кодекс Республики Казахстан от 10.12.2008 г. № 99-IV ЗРК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)

Ресми құжаттар

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства: Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 14 декабря 2012 года.
2. Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015 - 2019 годы утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2015 года № 1030. <http://www.akorda.kz/>
3. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года утвержден Указом Президента Республики Казахстан № 922 от 1 февраля 2010 года. <http://www.akorda.kz/>
4. Государственная программа индустриально-инновационного развития утверждена Указом Президента Республики Казахстана № 874 от 1 августа 2014 года. <http://www.akorda.kz/>

3 БӨЛІМ. «ЖАҢАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ» ПӘНІ

Мазмұны

- 1 Тақырып. Әлемдік экономиканы интеграциялау этаптары жаһандандырудың алғышарты ретінде.
- 2 Тақырып. Интернационалдандыру жаһандандырудың объективті экономикалық негізі.
- 3 Тақырып. Жаһандандыру әлемдік экономиканы дамытудың ең жоғарғы стадиясы.
- 4 Тақырып. «Жаһандандыру» түсінігінің пайда болуы, ерекшеліктері және қарама-қайшылықтары.
- 5 Тақырып. Жаһандандыру және ырықтандыру.
- 6 Тақырып. Неолибералдық жаһандану
- 7 Тақырып. Жаһандандыру процесіндегі мемлекет, нарық және азаматтық қоғам.

8 Тақырып. Жаһандану жағдайындағы ұлттық мемлекеттің саяси стратегиясы.

1 Тақырып. Әлемдік экономиканы интеграциялау этаптары жаһандандырудың алғышарты ретінде

Жаһандану түсінігі және оның түсініксіздері, терминнің өзіне деген әр түрлі көз қарастар мен оның мәні. Жаһанданудың кең және тар мағынада. Жаһандану процесіне әр түрлі ғылыми мектептердің көз қарастары (Делягин, Зиновьев, Иноземцев, Кастельс, Хантингтон, Стиглиц және басқалар). Әлемдік интеграциялаудың негізгі бағыттары. Ақпаратпен қамтамасыз ету ролінің артуы, интеллектуалдық меншік, патенттік және лицензиялау жүйесі. Интеграциялық процестердің дамуының негізгі қадамдары. Ұлттық экономика мен әлемдік шаруашылықтың тұтастығын қалыптастырудың байланысын нығайту.

2 Тақырып. Интернационалдандыру жаһандандырудың объективті экономикалық негізі

Жаһандану процесін қалыптастырудағы алғышарттар. Әлемдік экономиканы интернациялаудың негізгі этаптары, стадиялары және перспективалары. Құрылымдық сипаттағы тұрақты байланысты қалыптастыру үшін және ұлттық процестердің өсімін көтеру үшін олардың өзара бірігуі және енуі. Бірте-бірте жалпы әлеуметтік кеңістік қалыптастыру. Жаһандану интернациялау процесіндегі сапалы жаңа қадам ретінде.

3 Тақырып. Жаһандандыру әлемдік экономиканы дамытудың ең жоғарғы стадиясы

Экономикалық іс-әрекетті аймақтандыру мен субрегионализациялау жаһанданудың шектелген масштабы ретінде. Микроэкономикалық, мезоэкономикалық және макроэкономикалық деңгейлер жаһанданудың негізгі тұғырнамасы. Жаһандану жағдайындағы мемлекеттің ролінің өзгеруі. Мемлекеттік биліктің макроэкономикалық саясаты жаһандану процесін қажетті қолдаушысы ретінде. Жекелеген фирмалар мен компаниялардың әлемге бағытталған стратегиясы ғаламдану процестерін тереңдетудің алғышарттары ретінде. Негізгі халықаралық интеграциялық топтар Қазіргі заманғы әлемде негізгі халықаралық интеграциялық топтар және олардың рөлі

4 Тақырып. «Жаһандандыру» түсінігінің пайда болуы, ерекшеліктері және қарама-қайшылықтары.

Жаһанданудың дамуына байланысты әлемдегі болып жатқан дағдарыс жағдайында интеграциялық процестерді күшейту. Жаһандану жағдайындағы интеграциялық процестерінің күшейуіне байланысты дәстүрлі экономиканың және әлеуметтің әлсіреуі. Қаржылық нарықтың жаһандануы және несие капитал нарығының жаһандануының негізгі алғышарттары. Жаһандану процесінің дамуына байланысты мемлекеттік шекаралардың жоқ болу қауіпі. Осы мәселеге байланысты көрнекті ғалымдар мен саяси қайраткерлердің негізгі көз-қарастары.

5 Тақырып. Жаһандандыру және ырықтандыру

«Жаһандану» және «глобализм» түсініктерінің жалпы ерекшеліктері. Экономикасы дамыған мемлекеттердің геосаяси менмендігі қазіргі заманғы әлемнің жаһандық проблемаларының алғышарттарының пайда болуы ретінде. Экономикалық, әскери, экологиялық, демографиялық және өзге де айқын жаһандық, жалпы өркениеттік сипатқа ие проблемаларды шешуде жеке ұлттық мекемелердің іс-әрекет қабілеттілігінің төмендеуі. Әлемдік экономиканың ғаламдық проблемалары және адамзаттың ғаламдық проблемалары. «G8» саммиты және оның шешіміне қоғамның реакциясы.

6 Тақырып. Неолибералдық жаһандану

Экономикалық дамудың неолибералды моделі және оның негізгі талаптары. Неолибералды моделді экономикасы ауыспалы елдерде және өнеркәсібі дамыған елдерде пайдалану саяси-экономикалық қажет және ерекше. Экономикалық-қаржылық дағдарыс кезіндегі экономикалық дамудың неолибералды моделінің күйреуі.

Жаһандану кезіндегі ұлттық капитал. «Капиталдың қашуы» проблемасының өзектілігі және ғаламдану процесінің күшейуіне қарай инвестициялау. Әлемдік экономикадағы Интернет желісінің ролі мен нарықтардың виртуландырылуы. Қазіргі заманғы экономикадағы трансұлттық корпорациялардың ролі. Капитал ағымының проблемалары және оффшорлық зоналар.

7 Тақырып. Жаһандандыру процесіндегі мемлекет, нарық және азаматтық қоғам

Ғаламдық процестердің дамуынан пайда болған әлемдегі дағдарыс жағдайының шиеленісуі. Ғаламдану жағдайындағы дәстүрлі экономикалық және әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі мен бөлінуі. Адамзаттың жаңаша өмір сүруге бейімдеу мақсатында стихиялық процестерді реттеу проблемалары. Әлемдік шаруашылыққа қатысты ұлттық мемлекеттің орны мен ролінің трансформациясы. Әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі ретінде мемлекеттің тарихи ролін күшейту. Бірыңғай әлемдік рынок, оның ерекшелігі мен жалпы сипаттамасы. Мемлекетпен реттелмейтін ғаламдық монополия бәсекелестің тууының белгісі ретінде. Трансұлттық корпорациялар және қаржылық-ақпарат топтар.

8 Тақырып. Жаһандану жағдайындағы ұлттық мемлекеттің саяси стратегиясы

Қазақстан экономикасын реформалаудың салдары және негізгі этаптары. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) ену салдарының оң және теріс жақтары. Қазақстандық жүйелік дағдарыс және оның әлемдік қаржылық дағдарыспен тереңдеуі. Зандылық кеңістіктің жетіспеушілігі және жалған нарықтық жүйе. Қазақстан нарығындағы шет елдік компаниялар, инвестициялау проблемалары мен оны шешудің потенциалды әдістері. Еліміздің экономикасын дағдарыстан шығару үшін алдағы шет елдердің дағдарысқа қарсы стратегиялары тәжірибесін қолдану қажеттілігі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Глобализация мирового хозяйства. Учебное пособие под редакцией А.В. Бойченко. Издательство: Инфра –М, Москва, 2012
2. Уэйн Элвуд. Глобализация. - Книжный Клуб Книговек. – 2013. – 208 с.
3. Фаминский И.П. Глобализация – новое качество мировой экономики: Уч. Пособие. – М.: Магистр, 2010.
4. Филиппенко А.С. Экономическая глобализация. Истоки и результаты. – М.: Экономика, 2010.
5. Ахметова К.А., Ахметова А.А., Тержанов А.Ж. Экономическая глобализация и проблемы национальной и международной безопасности. // Проблемы современной экономики. 2013, №4.

Қосымша әдебиеттер:

1. Джеймс А. Хансон, Патрик Хонохан, Джованни Маджнони, Globalization and National Financial Systems. – 2005. – 320 с.
2. Глобальное экономическое регулирование: учебник для студентов вузов. Под ред. В. Н. Зуева; Гос. ун-т - Высшая школа экономики. - М.: Магистр, 2011. - 574 с.
3. Делягин М.Г. Драйв человечества. Глобализация и мировой кризис. – М.: Вече, 2008.
4. Загашвили В.С. Экономические интересы России в условиях глобализации. – М.: Магистр, 2010.
5. Качалич А.Г. Валютная политика стран с трансформируемой экономикой в условиях финансовой глобализации. – М.: Экономистъ, 2006.
6. Нечай А. Мировая экономика и роль государства // Журнал международного права и международных отношений. 2010, № 4.

Нормативті құқықтық актілер

1. Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 февраля 2017 года № 58 "Об утверждении перечня товаров, в отношении которых применяются ввозные таможенные пошлины, размера ставок и срока их действия"
2. Решение Совета Евразийской экономической комиссии от 14 октября 2015 года № 59 "О перечне товаров, в отношении которых Республикой Казахстан в соответствии с обязательствами, принятыми в качестве условия присоединения к Всемирной торговой организации, применяются ставки ввозных таможенных пошлин, более низкие по сравнению со ставками пошлин Единого таможенного тарифа Евразийского экономического союза, и размеров таких ставок пошлин"
3. Приказ Министра финансов Республики Казахстан «Об утверждении Инструкции по организации системы учета отдельных товаров при их

перемещении в рамках взаимной трансграничной торговли государств-членов Евразийского экономического союза»

4. Приказ Председателя Комитета государственных доходов МФ РК от 21 января 2016 года №22 «О некоторых вопросах реализации Протокола «О некоторых вопросах ввоза и обращения товаров на таможенной территории Евразийского экономического союза»»

5. Бюджетный кодекс Республики Казахстан.

6. Государственная программа «Дорожная карта бизнеса 2020».

7. Государственная программа по индустриально-инновационному развитию РК на 2015-2019 годы. Утверждена Указом Президента РК.

8. Комитет государственных доходов Министерство финансов РК. Официальный сайт <http://kgd.gov.kz/ru/section/vto>.

9. Кодекс Республики Казахстан от 10.12.2008 г. № 99-IV ЗРК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)

Ресми құжаттар

1. Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Нұрлы Жол – путь в будущее» от 11.11.2014 г.

2. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 г.

3. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17.01.2014 г.